

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 шілдедегі N 687 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 296 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 карашадағы № 832 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 06.11.2019 № 832 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әскери мүлік айналымының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 шілдедегі N 687 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 32, 338-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пайдаланылмайтын әскери мүлікті тапсыру, сату және кәдеге жарату, сондай-ақ қорғаныс объектілерін мүліктік жалға беру (жалгерлікке беру) ережесінде 26-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"26. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес оларға оқ-дәрілерді кәдеге жарату өнімдерін сату бойынша қызмет көрсету шартымен заңды тұлғалар жүргізетін оқ-дәрілерді кәдеге жаратуды қоспағанда, пайдаланылмайтын әскери мүлікті кәдеге жаратуды мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалатын заңды тұлғалар немесе уәкілетті органның, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бөлімшелері жүргізеді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов